Астрахан ауданы Колутон
ауылдық округі әкімінің
«11» 09 2026 жыл
№ 32
өкіміне қосымша

**«Астрахан ауданының Колутон ауылы әкімінің аппараты»
мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлққа қарсы стандарты**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10 бабына сайкес, Астрахан ауданыны Колутон ауылы әкімдігінің аппараты қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауды арттыру және сыбайлас жемкорлык керініcтеріне мүлдем төзбеушілікті мақсатында әзірленген.

1. Қогамдық қатынастар салаларының атауы: жергілікті мемлекеттік баскарма.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеушінін атауы: «Астрахан ауданының Колутон ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

3. Мекемелер қызметін қамтамасы ету саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің мінез-құлық (әрекет) ережелері:

3. 1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғаларды құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1. заңдылық қағидаттарын, Қазақстан Республикасы Конституцияның, заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінін талаптарын басшылыққа алуға;

2. азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, азаматтардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға және олар бойыша қажетті шаралар қабылдауға;

3. мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына бағдарлана отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдасын;

4. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде алынатын, азаматтардың

жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне қатысты мәліметтерді жария етпеуге және олардан осындай ақпаратты беруді талап етпеуге;

6. жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға.

3.2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1. мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған кезде заңнамаға сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;

2. кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдығы белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

3. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындауы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа итермелеу және сыйлықтар алу туралы тікелей басшыға баяндауға;

4. өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттерге сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;

5. қарамағындағы және басқа да қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу,

6. қызметтік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында пайдаланбауға;

7. егер ол жақын туыстық қатынаста тұрған адамдардың (ата-аналар, ерлі-зайыптылар, аға-інілер, әпке-қарындастар, балалар) тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тартуға;

8. сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік таныту;

9. белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы басшылыққа дереу баяндау.

3.3. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға ұсыныстар енгізу кезінде:

1. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚР Заңының нормаларын қатаң сақтау;

2. өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол бермеу;

3. құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау.

3.4. Өмір сүру саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қатынастарда:

1. мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігін төмендететін әрекеттеріне қарсы тұру;

2. Заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтардың жасалуына жол бермеу;

3. іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтау;

4. басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге не оған жол бермеу бойынша өзге де шаралар қабылдауға;

5. ұжымда әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан бас тарту.

4. Өзге де шектеулер мен тыйымдар:

1. мемлекеттік қызметшілер саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, діни бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың шешімдері олардың кәсіби қызметтік қызметіне әсер ету мүмкіндігін болдырмайтын бейтараптық танытуы қажет;

2. Мемлекеттік қызметшілер референдум алдындағы үгіт үшін, сондай-ақ референдум мәселелері бойынша үгіт жүргізу үшін лауазымдық жағдайдың артықшылықтарын пайдаланбауы тиіс;

3. Мемлекеттік қызметшілер лауазымдық өкілеттіктерін саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, діни бірлестіктердің және өзге де ұйымдардың мүдделеріне пайдаланбауы тиіс;

4. мемлекеттік қызметшінің қызметтік мінез-құлқында адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық болып табылатыны және әрбір азаматтың жеке өміріне, жеке және отбасылық құпиясына қол сұғылмаушылыққа, ар-намысын, қадір-қасиетін, өзінің абыройын қорғауға құқығы бар екендігі туралы конституциялық ережелерді негізге алуы қажет;

5. Мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқы тәкаппарлық, дөрекілік, адамға құрметсіздік танытумен байланысты емес, оған тіл тигізуге, қорқытуға жол бермейтін сыпайы болуы керек;

6. мемлекеттік қызметші қарамағындағыларға мінез-құлық үлгісі болуы керек (адал, әділ, бейтарап, сыпайы, мейірімді, мұқият және азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста төзімділік таныту);

7. Мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті қызмет жағдайына және қызметтік іс-шараның форматына байланысты азаматтардың мемлекеттік органдарға құрметпен қарауына ықпал етуі, ресмилік, ұстамдылық, дәстүрлілік, ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуі тиіс.